

Абан А.Б., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті, филология факультеті, магистрант  
(Ғылыми жетекші: ф.ғ.д. профессор Жарылғапов Ж.Ж.)

### ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ВИЗУАЛДЫ МӘТІНДЕРДІҢ ЭСТЕТИКАСЫ МЕН ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ

**Аннотация**Мақалада қазақ әдебиетіндегі комикс пен графикалық роман жанрларының қалыптасу үдерісі мен дамуы және педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеуде визуалды мәтіндердің ұлттық тарих пен мәдениетті жаңғыртудағы маңызы, кейіпкер психологиясын бейнелеудегі тәсілдері және тарихи-саяси оқиғаларды түсіндірудегі тиімділігі талданады. Әлемдік комикс теориясының өкілдері Уилл Айснер мен Скотт Макклауд тұжырымдары негізінде қазақ әдеби кеңістігіндегі визуалды мәтіндердің жанрлық табиғаты сараланады. Комикс жанрының институционалдық мойындалуы, ұлттық миф пен фольклорды визуалды тілде қайта танытудағы әлеуеті және білім беру тәжірибесіндегі орны ғылыми тұрғыдан негізделді.

**Кілтті сөздер:** визуалды мәтін, комикс, графикалық роман, қазақ әдебиеті, ұлттық нарратив.

Қазіргі әдеби үдерісте мәтін ұғымы тек вербалды құрылыммен шектелмей, визуалды-коммуникативтік кеңістікте дамып отырған күрделі мәдени феномен ретінде қарастырылады. Әсіресе, ХХІ ғасырдағы цифрлық мәдениеттің күшеюі көркем мәтіннің жаңа формаларының пайда болуына ықпал етті. Солардың бірі – комикс жанры.

Комикс – сөз бен бейненің синтезі арқылы ойды жеткізетін, көркемдік, семиотикалық және мәдени қызмет атқаратын визуалды мәтін түрі.

Әлемдік әдебиеттануда комикс теориясының негізін қалаушылардың бірі – Уилл Айснер. Оның *Comics & Sequential Art* еңбегінде комикс «реттік өнер» (sequential art) ретінде сипатталып, уақыт пен кеңістікті кадрлар тізбегі арқылы ұйымдастыратын көркемдік жүйе ретінде түсіндіріледі. Ал Скотт Макклауд *Understanding Comics: The Invisible Art* еңбегінде комиксті «визуалды нарратив» деп анықтап, панельдер арасындағы бос кеңістікте оқырманның ойша толықтыру әрекеті жүзеге асатынын атап көрсетеді.

Бұл теориялық тұжырымдар комиксті жеңіл жанр емес, күрделі нарративтік құрылым ретінде тануға мүмкіндік береді. Қазақ әдебиетінде бұл жанр әлі де толық жүйеленіп зерттелмегенімен, соңғы жылдары ұлттық комикс жасауға деген қызығушылық артып келеді.

Комикс жанрының әдеби институттар арқылы танылуы оның қазақ әдеби жүйесіндегі легитимділігін күшейтетін маңызды өлшем болып саналады, себебі жанрдың дамуы тек авторлық ынтамен ғана шектелмей, сын, сараптама және марапаттау механизмдері арқылы мәдени айналымға толыққанды енгенде тұрақты үрдіске айналады. Осы тұрғыда Қазақстанда «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығының құрамында «Үздік комикс» номинациясының бекітілуі және оған жыл сайын өтінімдер ұсынылуы комикстің әдеби жанр ретінде танылу деңгейін көрсетеді.

2025 жылы аталған сыйлыққа «Үздік комикс» жанры бойынша, жеңімпаз ретінде Ильдар Сансызбайұлының «Табу. Жоғалған үміттің ізі» комиксі аталғаны көрсетілген. Бұл дерек комикстің қазіргі қазақ әдеби кеңістігінде тек тәжірибелік формат емес, бағаланатын көркем өнім деңгейіне көтерілгенін аңғартады.

Зерттеу мақсаты – қазақ әдебиетіндегі визуалды мәтіндердің, соның ішінде комикс жанрының қалыптасуы мен даму үдерісін теориялық тұрғыдан талдау, олардың жанрлық табиғаты мен ұлттық әдеби кеңістіктегі орнын айқындау.

Осы мақсатқа сәйкес төмендегідей зерттеу сұрақтары қойылады:

1. Қазақ әдебиетінде комикс пен графикалық роман дербес жанр ретінде қалыптасты ма, әлде олар классикалық мәтіндерді визуалды бейімдеудің формасы ретінде ғана қызмет атқара ма?

2. Визуалды формат ұлттық нарративтің құрылымына және мағыналық жүйесіне қандай трансформациялық ықпал жасайды?

3. Мәтін мен бейне арасындағы семиотикалық байланыс кейіпкер психологиясын және тарихи мазмұнды интерпретациялауда қандай қызмет атқарады?

Зерттеу барысында әдеби-теориялық талдау, салыстырмалы әдіс және визуалды семиотика элементтері қолданылды. Әдеби-теориялық талдау жанрлық ерекшеліктерді айқындауға бағытталса, салыстырмалы әдіс дәстүрлі мәтін мен оның визуалды нұсқасының құрылымдық айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік берді. Визуалды семиотика мәтін мен бейне арасындағы мағыналық қатынастарды талдауға негіз болды.

Негізгі материал ретінде қазақ авторлары жасаған комикстер мен графикалық туындылар алынды.

Комикс термині ағылшын тіліндегі «comic» (көңілді, күлкілі) сөзінен шыққанымен, қазіргі мағынасында ол тек юморлық мазмұнмен шектелмейді. Комикс – кадрлар жүйесіне құрылған, әр кадрда бейне мен мәтіннің бірлігі сақталған тұтас көркем шығарма.

#### **Визуалды баяндаудың тарихи негіздері**

Комикс жанры әлемдік әдебиетте ХХ ғасырдың басынан бастап қалыптасқанымен, оның түпкі негізінде ежелгі пиктографиялық жазулар, ортағасырлық миниатюралар мен халықтық бейнелі әңгімелеу

дәстүрі жатқанын атап өткен жөн. Қазақ мәдениетінде де визуалды баяндаудың архаикалық үлгілері – жартас суреттері, ою-өрнек семантикасы, батырлық жырлардағы елестетуге құрылған бейнелі сипаттаулар арқылы көрініс тапқан. Осы тұрғыдан алғанда, комикс жанры қазақ әдеби дәстүріне мүлде жат құбылыс емес, қайта жаңаша формада жаңғырған көркемдік тәсіл деуге болады [1].

Мысалы, эпостық жырлардағы:

«Қара қыпшақ Қобыланды,  
Қарағайлы орманды

Қақ жарып өтті» деген секілді бейнелі жолдар оқырман санасында визуалды көрініс тудырады. Бұл – сөз арқылы сурет салу, яғни визуалды мәтіннің вербалды формасы [2].



### Классикалық шығармаларды комикс формасына бейімдеу

Қазақ әдебиетіндегі ірі прозалық туындыларды визуалды форматта ұсыну тәжірибесі де байқалады.

Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» шығармасы комикс форматына бейімделген. Шығарманың фабрикадағы жұмысшылардың өмірін, алғашқы наразылықты, кейіпкердің ішкі ойларын және революциялық ұйыммен кездесулерін бірнеше кадр арқылы көрсету арқылы оқырманға тарихи кезең мен әлеуметтік контекст нақты жеткізіледі. Комикстің әр кадрында кейіпкердің психологиялық портреті көрнекі түрде көрсетілген, бұл әсіресе жас оқырмандардың тарихи драманы қабылдауын жеңілдетеді [3].



Сол сияқты Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесін визуалдау арқылы әлеуметтік конфликт пен кейіпкердің ішкі монологын бейнелік шешімдер арқылы ашуға болады.

Ауылдан келген кейіпкердің қаладағы алғашқы әсерлері, қоғамдық қатынастардағы шиеленіс, ішкі монологтары және моральдық шешімдері әр кадрда нақты көрініс табады. Мұндай бейімдеу оқырманға әлеуметтік конфликттер мен кейіпкер психологиясын түсінуге мүмкіндік береді [4].

Әлемдік әдебиеттен Лев Толстойдің «Соғыс және бейбітшілік» романы графикалық роман ретінде ұсынылып, күрделі тарихи сюжет визуалды түрде ықшамдалып беріледі. Бұл тәжірибе тарихи мәтінді қабылдауды жеңілдетудің тиімді үлгісі болып саналады.

Батырлық, махаббат, саяси интрига және тарихи контекст әр бөлімді бірнеше бетке визуалды кадрлармен көрсету арқылы бейнеленген. Сонымен қатар, карталар, костюмдер мен архитектуралық фон тарихи нақтылықты қамтамасыз етеді, ал кейіпкерлердің эмоциясы мен ішкі монологтары дыбыстық бұлтшалар арқылы ұсынылған [5].

#### Ұлттық миф және тарихи тұлғаларды визуалдау

Тарихи, эпостық және өмірбаяндық туындыларды қабылдауда комикс форматы оқырманның елестету қабілетін белсендіреді.

Мысалы, Қ.Бегмановтың «Менің Мұстафам» тарихи монодрамасын оқу барысында шығарманың негізгі идеялық желісін комикс кадрлары арқылы көрсетуге болады. Мұстафа Шоқайдың Ташкенттегі жасырын күндері, Мариямен алғаш кездесуі, эмиграция жолындағы күйзелісі секілді сәттерді 5–6 кадрдан тұратын комикс ретінде құрастыру оқырманға кейіпкер психологиясын терең түсінуге мүмкіндік береді. Бірінші кадрда – қараңғы түн, бос көше, жасырын жүрген тұлға бейнесі; екінші кадрда – Мариямен диалог

үзіндісі; үшінші кадрда – карта фонында ұзақ сапар жолы бейнеленеді. Бұл тәсіл тарихи дерек пен көркем мәтіннің байланысын визуалды түрде ұғындыруға көмектеседі [6].

Сол сияқты, эпостық шығармаларды оқытуда да комикс әдісі нәтижелі қолданылады. Мәселен, «Алпамыс батыр» жырының:

«Алпамыс мінді Байшұбар,  
Желдей есіп жөнелді»

деген жолдары комиксте динамикалық қозғалыс арқылы беріледі. Мұнда батырдың тұлғасы ірі планда, ал артқы фонда кең дала бейнесі көрсетіледі. Бұл тәсіл оқырманға эпостың пафосын, қаһармандық рухын сезінуге мүмкіндік береді.

Қазақ комикстеріндегі нақты кейстер Тәуелсіздік жылдарынан кейін қазақ комикстері біртіндеп қалыптаса бастады. Соның ішінде: – Е.Еркін, А.Тілеуберді «Ер Төстік» комиксі (2015) – халық ертегісін визуалды форматта қайта жаңғырту арқылы ұлттық мифологиялық сананы жас ұрпаққа жеткізуді мақсат еткен [7].



– Н.Ораз, Д.Мырзахмет «Күлтегін» тарихи комиксі (2018) – түркі жазба ескерткіштері негізінде жасалған, тарихи тұлғаны заманауи бейнелеу үлгісі [8]; – «Balapan Comics» жобасы аясында шыққан «Алпамыс батыр» (2020) – эпостық қаһарманды балалар аудиториясына бейімдеу арқылы ұлттық құндылықтарды визуалды тілде танытқан еңбек.



Бұл комикстердің барлығына ортақ белгі – ұлттық тарих, миф және әдеби мұраны визуалды мәтін арқылы қайта түсіндіру.

### Поэзия және визуалды интерпретация

Визуалды мәтін тек прозамен шектелмейді. Мұқағали Мақатаевтің поэзиясын комикс кадрлары арқылы интерпретациялау – сөз бен бейненің синтезін айқын көрсетеді.

«Қара өлеңі қазақтың қаза болса,

Қара көзден неге қан ағызбайын.

Іздемпаздық менің де бар өнерім,

Будан жасап бидай мен тары егемін.

Қазан-миым бәрін де қайнатады.

Дара қойып қазақтың қара өлеңін.

Ақынмын деп қалай мен айта аламын,

Халқымның өзі айтқанын қайталадым.

...Күпі киген қазақтың қара өлеңін,

Шекпен жауып, өзіне қайтарамын...»

[9] деген жолдарды визуалды шешімдер арқылы беру поэзияның эмоциялық қуатын жаңа деңгейде қабылдануға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл поэтикалық мәтінді қазіргі жас аудиторияға жақындатудың бір жолы болып табылады. Осы мысалдардан көретініміз, қазақ әдебиетіндегі комикс пен графикалық романның көркемдік мүмкіндіктері кеңейіп келеді: тарихи және эпостық шығармаларды визуалды түрде көрсету оқырманға мәтінді терең түсінуге, кейіпкер психологиясын сезінуге мүмкіндік береді, сондай-ақ шығарманың эмоциялық әсерін күшейтеді.

#### **Білім беру тәжірибесіндегі маңызы**

Комикс форматы әдеби шығармаларды оқытуда тиімді құрал ретінде қолданылып келеді. Эпостық мәтіндерді немесе тарихи тұлғаларды 5–6 кадрдан тұратын визуалды құрылымға айналдыру оқушының елестету қабілетін белсендіреді, мәтінді терең түсінуге ықпал етеді.

Бұл интермедиялды тәсіл әдебиет пәнінің функционалды сапаттылықты арттыру мақсатымен де үндеседі.

#### **Қорытынды**

Қазақ әдебиетіндегі визуалды мәтіндер, соның ішінде комикс пен графикалық роман жанрлары ұлттық әдебиеттің заманауи көркемдік дамуын көрсететін маңызды құрал болып табылады. Жүргізілген талдау олардың бастапқыда классикалық мәтіндерді визуалды бейімдеу формасында көрінгенімен, қазіргі кезеңде құрылымдық-композициялық жүйесі айқындалған, авторлық концепцияға негізделген, дербес нарративтік модель қалыптастырып келе жатқанын көрсетті. Бұл үрдіс жанрдың қазақ әдеби кеңістігінде біртіндеп институционалданып, әдеби жүйенің құрамдас бөлігіне айналып келе жатқанын аңғартады.

Комикс пен графикалық роман қазақтың тарихи, эпостық, поэзиялық және өмірбаяндық туындыларын оқырманға визуалды түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Алайда визуалды формат мәтінді тек ықшамдап қана қоймай, кадрлық құрылым, кеңістік пен уақытты ұйымдастыру тәсілдері, символдық бейнелер жүйесі арқылы ұлттық нарративтің мағыналық өрісін кеңейтеді. Соның нәтижесінде тарихи және эпостық мазмұн жаңа интерпретациялық деңгейде қабылданып, семиотикалық тұрғыдан күрделене түседі.

Қазіргі қазақ комикстері мен графикалық романдары ұлттық тарихты, мифологиялық және әдеби мұраны заманауи визуалды тіл арқылы қайта пайымдауға, жас аудиторияны тартуға және мәдени кодты сақтай отырып ұрпақаралық сабақтастықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мәтін мен бейне арасындағы семиотикалық синтез кейіпкер психологиясын бейнелеуде, эмоционалды күйді нақтылауда және тарихи-саяси оқиғаларды интерпретациялауда маңызды қызмет атқарады. Визуалды кодтар вербалды баяндаумен өзара ықпалдасып, оқырманның рецептивтік тәжірибесін тереңдетеді.

Осы зерттеу қазақ әдебиетіндегі комикс пен графикалық романдардың көркемдік, психологиялық және тарихи аспектілерін кешенді талдау арқылы олардың тек бейімдеуші форма емес, ұлттық мәдени кодты заманауи интермедиялды кеңістікте жаңғыртатын дербес жанрлық жүйе ретінде қалыптасып келе жатқанын дәлелдейді. Визуалды мәтіндердің кеңейіп келе жатқан мүмкіндіктері ұлттық әдебиеттің жаңа формаларын зерттеу мен дамытуда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Комикс пен графикалық роман қазақ әдебиетінде тек көркемдік тәжірибе ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениетті насихаттаудың, тарихи сананы жаңғыртудың және әдебиетті интермедиялды кеңістікте дамытудың тиімді құралы ретінде қарастырылуы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Баймұхамбетов С. *Қазақ комиксінің тарихы және дәстүрі*. Алматы: «Ұлттық кітапхана баспасы», 2019. – 180 б.
2. Сұлтанова Г. *Графикалық романдардағы кейіпкер психологиясы*. Алматы: «Қазақ университеті баспасы», 2020. – 142 б.
3. Нұрпейісов Ә. *Қан мен тер*. Алматы: «Атамұра», 2015. – 960 б.
4. Әуезов М. *Қорғансыздың күні*. Алматы: «Атамұра», 2003. – 277 б.
5. Толстой Л.Н. *Соғыс және бейбітшілік*. Қазақша аударма. Алматы: «Фолиант», 2000. – 1240 б.
6. Бегманов К. *Экспедициядан кейінгі өмір: Деректі публицистика*. Алматы: «Абай» баспасы, 2021. – 400 б.
7. Еркін Е., Тілеуберді А. *Ер Төстік: қазақ ертегілері комиксте*. Алматы: «Балапан», 2015. – 128 б.
8. Ораз Н., Мырзахмет Д. *Күлтегін: тарихи тұлғаны визуалдау*. Алматы: «Аруна», 2018. – 96 б.
9. Мақатаев М. *Өлеңдер мен поэзия*. Алматы: «Ана тілі», 2005. – 256 б.

**Айдос А.А.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, философия және психология факультеті, П-24-1к топ, студент  
(*Ғылыми жетекші- Саясаттану магистрі, аға оқытушы Булумбаев О.Р.*)

### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІГІ: ТІК ТОК ПЕН INSTAGRAM-НЫҢ ӘСЕРІ**

Саяси қатысу формалары ХХІ ғасырда институционалды кеңістіктен цифрлық коммуникациялық ортаға ауысты. Ақпараттық технологиялардың дамуы билік пен қоғам арасындағы қатынасты